



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Президент су шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, су – бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін айтты.

– Біздің кең байтақ жеріміз бар. Алайда ел аумағының жартысынан көбі шөл және шөлейт жерлер. Сондықтан Қазақстан үшін су мәселесі ұлттық қауіпсіздік мәселесі десек, артық болмайды. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында. 2023 жылы халыққа Жолдауымда мен суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталдым. Елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданды. Ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Су нысандарын салуға және қалпына келтіруге қомақты қаражат бөлінді. Шетелден инвестиция тартылуда. Қазір осы салада 30 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Олар қала мен ауылды, өндірістер мен егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуде, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су саласында мықты мамандар әлі де жетіспейтінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету айрықша маңызды міндет екеніне тоқталып, соңғы жылдары осы бағытта нақты шаралар қабылданғанын жеткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, су қауіпсіздігі Қазақстанның орнықты дамуына әсер ететін негізгі мәселеге айналды.

– Біз осы себепті су дипломатиясын күшейтуді қолға алуымыз керек. Аталған аса маңызды іске кадрларды даярлап, іріктеуіміз қажет. Ең алдымен,



трансшекаралық өзендер бассейніндегі суды тиімді пайдалану жүйесін жолға қою үшін көршілес мемлекеттермен ықпалдастыққа мән берген жөн. Қазақстан су ресурстарын рационалды, әділ әрі тең құқылы негізде пайдалану қажет деген ұстанымды жақтайды. Сондай-ақ су қауіпсіздігі мен тұтас аймақтың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында өзара міндеттемелерді сақтаған дұрыс. Көршілес елдермен конструктивті диалог және тараптардың мүддесіне сай ынтымақтастық жалғасады деп үміттенеміз. Қазақстан Орталық Азия елдерінің су-энергетика консорциумын құру бастамасын дәйекті түрде ілгерілетіп келеді. Өңір елдерімен тығыз ықпалдастықтың арқасында былтыр диқандарымызға қажетті су толық жеткізілді. Биыл да осындай жұмыс атқарылуға тиіс. Әлемде суға сұраныс деңгейі 2040 жылға қарай 40 пайызға артуы мүмкін. Мұндай жағдайда бүкіл халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін

біріктіру маңызды. Сондықтан Қазақстан су дағдарысын еңсеруді көздейтін көпжақты бастамаларға белсенді қатысады. Былтыр Сауд Арабиясында өткен арнаулы саммитте су проблематикасын шешудің негізгі тәсілдерімен бөлістім. Келесі жылы елімізде БҰҰ аясындағы Өңірлік экология саммитін өткізу жоспарланып отыр. Осы тектес қадамдар еліміздің су қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, су ресурстарын дамытуға үлес қосып келе жатқан сала қызметкерлеріне алғыс айтты.

– Су экономикаға, экологияға, халықтың денсаулығына, жалпы, барлық салаға ерекше ықпал етеді. Сондықтан судың таза әрі қолжетімді болуы өте маңызды. Елімізде Кіші Аралды құтқару үшін жылдар бойы ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның арқасында қашқан теңіз қайта оралып, айдыны суға толып жатыр. Каспий теңізін, Балқаш

көлін, басқа да су көздерін сақтап қалу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Су, дұрыс пайдалана білсең – құт, ысырап етсең – жұт. Былтыр Қазақстанның бірнеше аймағы қарғын судан қатты зардап шекті. Мұндай жойқын табиғи апат елімізде бұрын-соңды болмаған. Күрделі кезеңде сіздер қайсарлық пен кәсібиліктің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Әр қызметкер күні-түні еңбек етіп, апат салдарын жоюға белсене атсалысты. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

Былтыр бекітілген «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы бірқатар ардагерлерге табысталды.



Генеральный прокурор Берик Асыллов встретился с общественностью области Жетісу

Генеральный прокурор РК Берик Асыллов во Дворце торжеств в Талдыкоргане провел встречу с жителями региона и представителями правоохранительных органов. Во встрече также приняли участие ветераны, общественные деятели, члены неправительственных организаций, активная молодежь. Совещание вел аким области Жетісу Бейбит Исабаев, – сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

В своем выступлении Генеральный прокурор РК Берик Асыллов отметил важность концепции Главы государства Касым-Жомарта Токаева «Закон и порядок», подчеркнув, что ее реализация должна стать работой не только правоохранительных органов, но и всего общества.

– Как вы знаете, по инициативе Главы государства Касым-Жомарта Токаева в

стране проводятся масштабные реформы. Они основаны на принципе «Закон и Порядок». Правоохранительные органы перешли на сервисную модель работы. Изменилась политика по уголовным преступлениям, усилились профилактический принцип. Такие инициативы придали новый импульс развитию общества. Государство выделяет огромные средства на реализацию социальных программ. Их эффективное использование находится в центре внимания прокуратуры. Поэтому наши усилия направляются на возмещение ущерба, в случаях причинения их государству. Меры, обеспечивающие социальную справедливость, будут продолжены, – сказал Б. Асыллов.

На совещании от имени старшего поколения выступил председатель областного совета ветеранов Ермек Келемсеит, который отметил, что ветеранская

общественность будет способствовать укреплению правопорядка, воспитанию подрастающего поколения, сохранению общественного спокойствия, опираясь на свой жизненный опыт.

Также директор ТОО «Консолидированная горно-строительная компания» Кенжетай Мангулов кратко рассказал о мерах поддержки, оказываемых инвесторам со стороны государства, масштабном проекте, реализуемом товариществом.

В свою очередь, руководитель общественного объединения «Тамшыбулак» Жанат Тулемисова поделилась опытом в решении социальных вопросов и активизации гражданских инициатив.

А директор КГУ «Жетісу жастары» Шамиль Ванкеев отметил вклад молодежи в продвижение идеологии закона и порядка в обществе:

– Учреждение «Жетісу жастары» со-

вместно с областной прокуратурой реализует масштабные проекты. В первую очередь это касается работы с молодежью категории NEET. При этом по инициативе областной прокуратуры мы открыли центр «Карьера». Центр оказывает содействие в трудоустройстве молодежи, дает им ориентацию, а при необходимости и возможность открыть свое дело. Кроме того, мы запускаем проект «Qosyl Fest». И я хочу предложить расширить этот проект «Qosyl Fest» по всей республике. Это, безусловно, повысит интерес молодежи, – сказал Шамиль Ванкеев. Стоит отметить, что впервые в области подобный фестиваль прошел в городе Уштобе Каратальского района.

В завершение совещания глава региона Бейбит Исабаев отметил, что акиматом области совместно с правоохранительными органами, в том числе прокуратурой, реализуются региональные программы. В частности, в области реализуется менторский проект. Так, в настоящее время по области работают 126 менторов, в результате чего количество правонарушений среди школьников снизилось в 4 раза, особенно в городе Талдыкорган и Панфиловском районе. Кроме того, были озвучены ряд мер по установлению на дорогах области видеокамер, способствующих снижению уровня преступности, установлению квоты рабочих мест для лиц, освобожденных из мест лишения свободы и состоящих на учете службы probation, открытию правовых кабинетов для повышения уровня правового сознания и культуры граждан в отдаленных населенных пунктах региона.

Пресс-служба акима области Жетісу.



Бейбіт Исабаев Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарымен кездесті

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірге жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің депутаттарымен кездесті, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысымен кездесуге Парламент Сенатының депутаттары Сұлтан Дүйсембинов, Ғалиасқар Сарыбаев, Амангелді Толамисов, сол сияқты Мәжіліс депутаты Ержан Бейсенбаев және облыстық мәслихат хатшысы Гүлнар Тойлыбаева қатысты.

Өңімелесу барысында аймақта республикалық бюджеттен қаржы бөлінген жобалардың іске асырылуы, өңірдегі өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды. Сол сияқты Парламент қабырғасында қабылданған заң жобалары, Бюджет Кодексі мен Салық Кодексі бойынша өзгерістер жайлы баяндалды.

Еске салсақ, аталған депутаттар алдағы бір апта бойы облыс аудан, қалаларында болып, әлеуметтік және өнеркәсіптік нысандардың жұмысымен танысып, құрылыс алаңдарын аралайды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

В Жетісу активно развивается животноводство: за 5 месяцев общее поголовье скота увеличилось на 4%, а племенное – на 13,4%

По поручению Главы государства индикативный показатель Дорожной карты на 2024-2028 годы по увеличению объема валовой продукции сельского хозяйства в два раза в области Жетісу выполняется согласно утвержденному плану. Так, за 5 месяцев этого года поголовье сельскохозяйственных животных увеличилось на 4% и составило 2,8 млн. голов. Также, увеличено количество племенного поголовья на 13,4%. Об этом сегодня на заседании Правительства сообщил аким области Бейбит Исабаев, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.



Учитывая погодные условия текущего года, в регионе увеличена и посевная площадь кормовых культур до 97,4 тыс. га. В результате для зимовки скота будет заготовлено 2 млн. 236 тыс. тонн кормов.

В целом для развития животноводства в текущем году из местного бюджета выделено 7,1 млрд. тенге субсидий, а для организации ветеринарных работ – 4,9 млрд. тенге. Между тем рост производства мяса с начала года составил 3,2%, производство молока – 2,6%.

«В области Жетісу особое внимание уделяется укреплению материально-технической базы отрасли. Так, в 2022-2025 годы из областного бюджета выделено 2 млрд. тенге, построен 71 ветеринарный пункт и одна ветеринарная станция. Ветеринарные пункты оснащены интернетом, холодильниками для хранения вакцин, ветеринарные врачи обеспечены 78 специализированными автотранспортными средствами. В 2026 году за счет строительства новых 16 ветпунктов потребность в них в области будет полностью удовлетворена», - сообщил Б. Исабаев, отметив, что в 2023 году средняя зарплата ветеринарных специалистов была увеличена со 120 тыс. тенге до 250-350 тыс. тенге.

Стоит также отметить, что с начала года в рамках профилактических мероприятий против 14 видов особо опасных инфекционных заболеваний выполнено 6,1 млн. прививок при плане – 13,3 млн. В результате в текущем году в регионе не зарегистрирован ни один неблагополучный очаг по особо опасным заболеваниям.

Также в соответствии с принципами обеспечения контроля за продукцией животноводства «От фермы до стола» в этом году запланирована закупка 2 блочно-модульных убойных пунктов, на эти цели из бюджета выделено 103 млн. тенге. Кроме того, в сотрудничестве с частными предпринимателями оборудованы и введены в эксплуатацию 2 убойных пункта.

Пресс-служба акима области Жетісу.

Открыли современный завод по производству газобетонных блоков

В области Жетісу открыли современный завод по производству газобетонных блоков автоклавного твердения. Предприятие является уникальным, так как аналогов производству данных видов кирпичей в регионе нет. Производственная мощность нового предприятия составляет 150 тыс. м³/год. Привлечено 2,5 млрд. тенге инвестиций, создано 50 постоянных рабочих мест, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

- За три года с момента образования области Жетісу годовой объем промышленного производства достиг 347 млрд. тенге. тенге с ростом на 16,8%. За эти годы в промышленности было реализовано 35 проектов на общую сумму 85 млрд. тенге. Среди них ветровые и гидроэлектростанции, заводы по производству промышленных аккумуляторов и солнечных панелей. В целом Жетісу – один из регионов, где строительство ведется интенсивными темпами. Активно возводится жилье, социальные объекты, прокладывается инженерная инфраструктура. В этой связи запуск нового завода имеет важное значение для обеспечения отрасли качественной местной продукцией и развития строительной индустрии региона в целом, - отметил заместитель акима области Асет Канагатов, принимающий участие в церемонии открытия предприятия.

Со словами поздравления к коллективу завода обратился директор ТОО «Стальбетон» Калкабай Мусанов, поблагодаривший всех причастных к запуску нового производства.

Торжественная церемония нажатия



символической кнопки ознаменовала начало работы нового завода, затем официальные гости и все желающие смогли ознакомиться с работой предприятия. К слову, предприятие расположено на территории индустриальной зоны «Талдыкорган».

Как отметил производственный директор завода Даурен Нурали, это первый подобный завод в регионе, так как аналогов производству данных видов кирпичей в области нет.

- Производимые на нашем заводе газобетонные кирпичи автоклавного твердения соответствуют всем необходимым нормам и стандартам. Производятся они по китайской технологии, местные специалисты прошли соответствующее обучения для работы на современном

оборудовании. Главная особенность подобного вида кирпичей в том, что они очень хорошо держат тепло в зимний период, а в летний сохраняют прохладу в помещении. Поэтому в основном используются при строительстве многоэтажных жилых домов и жилья в целом. При производстве используется местное сырье. На первом этапе будет реализовывать нашу продукцию в области Жетісу и соседнюю Алматинскую

область, - сказал Д. Нурали.

Всего на предприятии на данном этапе создано 50 постоянных рабочих мест. Трудоустроены местные специалисты из разных сфер. Имеется бесплатное общежитие, также сотрудники обеспечиваются трехразовым питанием. Среди трудоустроенных специалистов и молодая семья из Аксуского района.

- На завод я устроилась на работу первой, затем мой супруг. Сама я по специальности воспитатель, а мой супруг специалист сферы ИТ. На заводе я прошла специальное обучение и теперь успешно работаю. Завод нас обеспечил жильем. На бесплатной основе живем в общежитии, условия работы и быта вполне комфортные. Удобный график работы и стабильная зарплата очень важны для нашей молодой семьи, ведь у нас трое детей, - поделилась мнением Минар Дуйсебек.

В целом промышленный потенциал области Жетісу представлен свыше 500 предприятиями, в отрасли занято порядка 30 тыс. человек. Приоритетными отраслями промышленности в регионе являются производство продуктов питания, стройматериалов, а также машиностроение. Вместе с тем развивается легкая, химическая, металлургическая отрасли. При этом до 2027 года в про-



мышленной отрасли планируется реализовать еще 34 инвестпроекта на сумму 1,7 трлн. тенге.

Пресс-служба акима области.

• Заң және тәртіп

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген

құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

- 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/rul/services/pass_sr11);

- 2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz/rul/app/culs-taxarrear-search-web);

- 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

- 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

- 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды,

олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімінен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жеке-леген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай,

10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль кою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Т.ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нәтижелері

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нәтижелері сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуді, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруды, қоғамның билікке деген сенім нығайтуды, сондай-ақ әлеуметтік – экономикалық дамуды жақсартуды қамтуы мүмкін. Маңызды нәтиже қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру және әлеуметтік нормаларды өзгерту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу болып табылады.

Толығырақ, сыбайлас жемқор-



лыққа қарсы іс – қимыл нәтижелерін бірнеше аспектілерге бөлуге болады:

1. Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету: парақорлық пен қызметтік жағдайы теріс пайдалану ауқымын қысқарту. Кінәлілер

үшін ашық рәсімдерді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тергеулер мен жазаларды енгізу сыбайлас жемқорлық әрекеттері жағдайларының азаюына соғады.

2. Мемлекеттік қызметкердің тиімділігін арттыру: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік органдардың жұмысын оңтайландыруға, бюрократиялық рәсімдерді қысқартуға және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға көмектеседі.

3. Инвестициялық климатты жақсарту: Сыбайлас жемқорлықтың төмендеуі елді шетелдік инвесторлар үшін тартымды етеді, өйткені бизнесті жүргізуге байланысты тәуекелдер азаяды.

4. Ресурстарды әділ бөлу: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қоғамдық игіліктер мен ресурстарды әділ бөлуге ықпал етеді, бұл әсіресе

халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары үшін маңызды.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру: Маңызды нәтиже қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосфера-сын құру, онда сыбайлас жемқорлық әрекеттері заңы бойынша қудаланып қана қоймай қоғам тарапынан да айыпталады.

Нақты нәтижелердің мысалдары: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар мен стратегияларды әзірлеу және іске асыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасалыну.

С.ИСАБАЕВА,
Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының бас маман – бас қазынашысы.

Атаң асқар тау болса, анаң биік шынарың. Әкешешенің берген ақылы ұрпағына өмір бойы азық. «Текіден тәрбие алған тозбайды» деген тәмсіл бар. Бекен Ерденев ұл-қызын еңбекқорлыққа тәрбиеледі. Қоғамға пайдалы болуға бейімдеді. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуді, істен нәтиже шығаруды үйретті. Бүгінде балалары мен немерелері әке аманын орындауда. Ұрпағы ұлағатты. Әрқайсысы өз ісінің шебері. Немерелері білімнің, өнердің шыңына шығуды көздеуде. Қайратты, қайтпас, еңбекқор мінездерінен аталарының жолын қуатынын айтпай-ақ білуге болады.



ӨНЕГЕЛІ ІСІ КӨПКЕ ҮЛГІ

Бекен Ерденев ауылшаруашылығының майталман маманы еді. Ол Талдықорған облыстық ауылшаруашылық басқармасының орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Басшылық ету – саланы жан-жақты білетін, іскер, талапшыл, өз ісінің нағыз маманына ғана тапсырылатын міндет. Ауылшаруашылығы әрқилы тармақтардан құралады. Оның егін, мал шаруашылықтары бір-бір әлем. Оның сыртында төрт түліктің азығын дайындау, өнімді молайтудың жолдарын іздестіру, техникамен қамтамасыз ету, озық тәжірибелерді өндіріске енгізу сияқты ұйымдастыру жұмыстары жетіп артылады. Мұның ішінде мал шаруашылығы жыл он екі ай демалыссыз еңбек етуді талап етеді. Бекен Қасқарбекұлы бесаспап маман еді. Ол астық және мал шаруашылығын жетік білді. Сондықтан да ауылшаруашылық басқармасына жетекшілік етті. Бұл екі тармақ бірінсіз бірі дамымайтыны белгілі. Бірі ақсаса екіншісі де әлсірейді. Сондықтан да тізгінді тең ұстап отыру керек. Талдықорған өңірінде астық, жүгері, көпжылдық шөп, шабындықтар мал азығына пайдаланылады. Бекен Ерденев төрт түлікті өсіру үшін жерді уақытында жыртып, арпаны жер дымқыл кезде сеуіп, өнімді уақытында жинап алу-ды толыққанды меңгерді. Сондай-ақ, жоңышқаны төрт рет суарып, шауып, жинап алуға ерекше мән берді.

Бірнеше ауданда шаруашылық басқарған Бекен Ерденевтің бастаған ісі жалғасын тауып, ел игілігіне жарап келеді. Төрт түліктің басын көбейту

басты мақсаты еді. Соның ішінде мал тұқымын асылдандырудың тиімділігін дәлелдеді. Қысы-жазы күтімді, дәрілеуді, жемшөпті қажет ететін малдан мол өнім алу басты қағида. 90- жылдары ірі қара сатылып, күтімсіз қалып, ұсақталып кетті. Асылтұқымды шаруашылықтар ұстағанның қолында, тістегеннің аузында қалды. Заман өзгеріп, облыс қайта құрылғанда Бекен Ерденев аталық малды асылдандыруға көңіл бөлу керектігін мінберлерде айтып, бастама көтерді. Оның ұсынысы өміршең еді. Етті, сүтті бағыттағы мал өсірмесе шығынға белшеден бату қаупі төнетінін ескертті. Себебі, түлікке азық күндіз-түн, қысы-жазы керек. Оны бағу үшін көптеген маман, малшыға ақы төленеді. Мол өнім алу үшін тұқым асылдандырылуы тиіс. Осыны ол барынша дәлелдеді. Облыс басшылары мәселені қолдап, «Асыл» мал тұқымын асылдандыру орталығын ашты. Бұған шетелдерден асылтұқымды бұқалар әкелінді. Ендігі мәселе асылтұқымды малдың ұрығын шаруашылықтарға таратып, өңірдегі түліктердің сапасын жақсарту. Шаруа қожалықтарының қолдан ұрықтандыру шығындарын өтеуге қаражаты жете бермеуі мүмкін. Сондықтан бағдарламаны іске асыру үшін субсидия беру керек болды. Ол осы мәселелерді шешу, құжатын әзірлеу, аудандармен келісімшарт жасасу шаруаларына кірісіп кетті. Нәтижесінде етті, сүтті бағыттағы ірі қара өсірушілер мал тұқымын асылдандыруға қол жеткізді. Оларға мемлекет тарапы-

нан субсидия берілді. Орталықтағы бағасы қымбат ірі қараны өсіруге мемлекеттен қаржы қарастырылды. Шаруашылық бүгінде жұмысын жалғастырып келеді.

Бекен Ерденев Сарқан ауданына қарасты Көкөзек шаруашылығында директорлық қызметке тағайындалысымен шопан ата тұқымын өз төлі есебінен көбейтуге көңіл бөлді. Бұл – ауыл халқын жұмыспен қамту үшін де қолайлы кәсіп. Атакәсіп – елге нәсіп. Пейіл болса алмайтын асу жоқ. Күн-түн еткен еңбек нәтижесін беріп, Көкөзек аудан тұрмақ, одаққа белгілі шаруашылыққа айналды. Төрт түлік саны өсіп, тұрғылықты халықтың жағдайы жақсарды. Өмірі мал шаруашылығымен өткен қазақ үшін қорадан отар қой өргізудің өзі бақыт. Мал – ас, мал – табыс, мал – береке. Өсіру бар да, оны ұқсата білу де керек. Берекесі тасыған ұжымшар басқаларға үлгі болып, өнімді арттырушылар саны көбейді. Бекен Ерденев табысты тасқындатқан малшы қауымына құрмет көрсетуді де назардан тыс қалдырмайтын. Шопандардың алды депутаттыққа сайланып, ел мүддесін шешер мәселелерге араласты.

Сол кезде шопан таяғын ұстаған Марғұлан қария: «Айналайын Бекен аңқылдаған ақкөңіл азамат еді ғой. Шаруашылық үшін барын салатын. Өзі де тыным тапайтын. Өсіресе, ауруға қарсы егу, қой тоғыту, қырку, қыстық азығын дайындауға ерекше көңіл бөлетін. Қой төлдету науқанында қыстауларда жүретін. Нәтижесінде қозы-лақ шығынсыз өсетін. Содан шопан тойда малшыларға көл-көсір сыйлық беріп, мерейімізді өсіретін. Мен бір жылы төлді жақсы алғаным үшін мотоцикл алдым», – дейді жақсының жақсылығын айтып.

Ол «Асыл» асылтұқымды ірі қара орталығында жұмыс істейтін малшыларға да баспана салғызып берді. Себебі, үйі жоқтың күйі болмайтыны анық. Орталық ашылғалы ешқайда кетпей жұмыс істеп жатқан мамандар бар. Жақсы адам отбасында да, қызметте де жауапты болатыны анық. Бекен Ерденев адал жар, қамқор әке бола білді. Жары Мұнзира екеуі ел-жұртқа сыйлы еді. Бірін-бірі айтпай-ақ түсінісетін. Кез келген табысты азаматтың соңында ақылды әйел тұратыны белгілі. Мұнзира ошағының отын маздатып, шаңырақты шаттыққа бөледі. Оның тәрбиелеген шәкірттері қазір еліміздің

беделді орындарында қызмет етеді. Әрқашан ұстаздарының кең жүрегі, білім нәрімен сусындатудағы ерекше тәсілі жайлы ілтипатпен айтады. Бекен аға жарының жақсылықтары жайлы жылы естеліктер жазып, ұрпағына қалдырды. Онысы аналарындай ақылды болындар дегені еді. Ұрпағы Мұнзира ананың жан жылуы мен тәлімді тәрбиесін өміріне азық етті.

Бекен Ерденев өнім алумен ғана шектелмеді, ғылыммен де айналысты. Ауылшаруашылығын дамытуда ғылыми еңбектер шығарды, білгенін көппен бөлісті. Ол кісінің еңбектері қазір оқу орындарында оқытылып келеді. Болашақ мамандар жоғары оқу орындарында оқи жүріп, мамандықты Бекен Қасқарбекұлының еңбектері арқылы жадыларына сақтауда. Кейіпкеріміз оннан аса ғылыми еңбек жазды. Мысалы, «Қазақстандағы ірі қара мал тұқымы», «Мал тұқымын асылдандыру», «Кең көлемді селекция» және басқа еңбектердің авторы Бекен Ерденев 2009 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді. Кейіннен «Ауылшаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі және бірнеше мерейтойлық медальмен марапатталды. Мерейі тасып, 2016 жылы «Құрмет» орденін кеудесіне жарқырата тақты. Алматы облысының Құрметті азаматы атанды. Бүгінде өңірде асылтұқымды мал басы өсіп, игілігін ел көруде. Ол экономиканың қарыштауына өміршең еңбегімен атсалысты.

Бекен ағаның Мұхтар есімді ұлы, Меруерт атты қызы еңбекқорлығымен өмірден өз орындарын тапты. Қара шаңырақтың келіні Аида отбасы берекесі. Күйеубаласы Данияр ізетті жан. Немерелері Әкежан, Ахмет, Мұхаммед, Ерасыл, Ералы білімділіктерімен ерекшеленуде. Әулеттің тұңғыш немересі Әлихан мен Жәниядан екі шөбере бар. Жәния әулеттің ұйытқысы, шуағын жан-жағына молынан шашқан тәрбиелі жан. Шөберелері Сафия мен Аиша бейбіт елдің ұланы боп, құлдыраңдап өсіп келеді. Жиен немересі Даная да ата-апасындай көпшіл. Барын басқамен бөлісіп жүретін нағашы атасына тартқан деп жатады Бекен ағаның көзін көргендер. Жақсының соңында ұлағатты ұрпағы, ел игілігіне жарар еңбегі қалды. Өнегелі өмірі көпке үлгі.

Гүлжан ТҰРСЫН.



• **Ауыл шаруашылығы**

Аудан көлемінде биылғы ауыл шаруашылығы маусымы біршама қиындықтармен басталған еді. Көктемгі және жазғы кезеңде орын алған жауын-шашынның аздығы мен ұзаққа созылған аптап ыстық егіннің өсуіне кері әсерін тигізді. Құрғақшылықтың салдарынан күздік бидайдың өнімі өткен жылдармен салыстырғанда төмен болып отыр. Алайда қол қусырып қарап отырмай Сарқан өңірінде күздік бидай жинау жұмыстары қарқын ала бастады. Ауыл шаруашылығы саласындағы шаруалар шілде айының басында мал азығын дайындау жұмыстарын сәтті аяқтап, енді егістік алқаптарындағы күздік бидайды жинауға білек сыбана кірісіп кетті.

Өнім өздігінен өнбейді

Шаруалардың айтуынша, қазіргі таңда күздік бидайдың орташа түсімі гектарына 18-20 центнерді құрап отыр. Бұл көрсеткіш өңірдің аграрлық әлеуетіне сәйкес келмейді, дегенмен ауа райының қолайсыздығын ескеріп, мұны да дәтке қуат етеміз.

— Биыл жауын-шашын мүлдем аз болды. Көктемнен бастап күн қатты ыстық болды. Сондықтан күздік бидайдың бітік шығуына мүмкіндік болмады. Соған қарамастан, барды базарлап барынша өнім алып қалуға тырысып жатырмыз, — дейді Сарқан ауданына қарасты шаруашылық иесі Жандос Құмаров.

Сонымен қатар, мамандардың айтуынша, осы жылы мал азығы жақсы шыққан. Ерте көктемде шөп алқаптарында ылғал жеткілікті болғандықтан, шабындықтардан мол өнім жиналды. Бұл жағдай мал шаруашылығымен айналысатын фермерлер үшін үлкен қолдау болды.

— Қазір шаруалар күздік бидай-

ды жинауға толық кірісті. Астық жинау жұмыстары шілде айының ортасына дейін жалғасады. Биылғы түсім өткен жылдармен салыстырғанда төмен болғанымен, диқандар ерте қамданып, техникаларын дайындап, уақытында жұмысқа кірісті. Ең бастысы — шығынды азайтып, бар өнімді ысырапсыз жинап алу, — дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары.

Аудан әкімдігі де науқанды қолдауға барынша күш салуда. Жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, техникамен көмек көрсету, логистикалық жұмыстарды жеңілдету бағытында тиісті шаралар атқарылуда.

Қорыта айтқанда, Сарқан өңірінде күздік бидай жинау жұмыстары қызу жүріп жатыр. Табиғат тосын мінез танытса да, еңбекқор шаруалар қара жердің қайтарымын алу алу жолында бар күшін салып, егін даласында төгілген маңдай тердің өтеуін көргісі келеді.



«AFM Company» шаруа қожалығының басшысы Фархат Абдрахимовтың айтуынша, биыл мал азығының шығымы көңіл қуантады. Десе де соңғы күндері ауа райының күрт ысуы шаруаларды жұмысты жеделдетуге мәжбүр еткен. Аталған шаруашылық биылғы егіс алқаптарына қытай бұршағы мен қант қызылшасын еккен. Қазіргі таңда арамшөпке қарсы улау жұмыстары басталып, арнайы техника көмегімен қытай бұршағына дәрі себілуде.

Алайда қолданыстағы дәрісебу аппараты қант қызылшасына сәйкес келмейтіндіктен, шаруашылық бұл бағыттағы істі дрон арқылы жүзеге асырмақ. Жазғы дала жұмыстарының қарқынды атқарылуы — өңірдегі ауыл шаруашылығы әлеуетінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Тазалық – ниеттен

«Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны жүріп жатқанын білесіздер. Бұл маңызды бастама халықтың кең қолдауына ие болды. «Таза Қазақстан» — озық ойлы қоғам құруға арналған идеологиялық тұғырнаманың ажырамас бөлігі. Бұл — тек қоршаған ортаның тазалығын емес, ой мен сана тазалығын сақтау деген сөз. Себебі қоғамдық әдеп пен заңға деген құрмет айналадағы тазалықтан басталады», — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қоршаған ортаны аялау мен таза күйінде ұстау — әркімнің азаматтық парызы, қоғамның ортақ жауапкершілігі. Біз тап-таза көшемен, тротуармен келе жатып бұл тазалықтың кімнің қолымен жасалғандығын білгіміз келмейді. Қоғамдық тазалықшылар ғана осынау жұмыспен айналысуы керек деген ұғым көкейімізге сіңіп қалған. Демалыс орындарында темекі тұқылы, қағаз қалдығы, балмұздақ орамасы, жеміс қабықтары, сусын құтылары шашылып жатса өзімізге тиесілі емес ұяттардан бетіміз қызаруы тиіс. Ол да біз сияқты демаламын деп келген адамдардың санасыздығынан жинақталған қоқыс. Біз өзімізді мәдениеттіміз, тәртіптіміз десек қарапайым тазалыққа немқұрайлы қарамауымыз керек.

«Су — басынан тұнады» дейді халық мақалы. Ауыз суымыз тау өзенінен келетіндіктен өзен маңайын таза ұстау, өзен суын лайламау, қоқыс тастамау бұлжымас дағдымызға айналса ғана су тазалығына үлес қосамыз.

Жанат МҰҚАШЕВ,
Сарқан ауданының
Құрметті азаматы.

Жазғы тіршілік – қысқа азық

Көктемгі егіс науқаны аяқталса да, жерден ырзық-несібесін тапқан шаруалар дала жұмыстарын жалғастыруда.

Жақсы өнім алу үшін дөңді жерге сіңіру жеткіліксіз. Диқандар қазір техникаларын пайдаланып, жерді минералды тыңайтқыштармен өңдеуде. Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Айгүл Абдраимованың сөзінше, өңірде барлығы 38 258 гектар жердегі жаздық дөңді дақылдарды себу жұмыстары толық аяқталған. Оның ішінде арпа, жаздық бидай, жүгері, тары, сұлы бар.

Қант қызылшасын 3800 гектарға себу көзделсе, жоспар асыра орындалып, 3932 гектарды құраған. Сондай-ақ, қытай бұршағы, зығыр, күнбағыс, мақсары сияқты майлы дақылдар тұқымын себу жұмыстары да талапқа сай іске асқан. Сарқандықтар жаз бойы 662,5 гектарға көкөніс түрлерін өсіріп, 119 гектардағы бақша дақылдарын күтіп-баптайтын болады. Екінші нан саналатын картоп 290 гектарға отырғызылған.

Қазіргі кезде Сарқан қаласында жазғы дала жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Шаруалар қысқы мал азығын дайындау үшін егістік алқаптарында шөп шауып, тынымсыз еңбек етуде. Балтамырды арамшөптен тазарту маусымы да саладағы жұмыс қарқынын күшейте түскен.

• **Заң және тәртіп**

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ – ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

«Жалпы, халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге жан-жақты қараған жөн. Бүгін мен «Заң және тәртіп» апталығын жариялауды ұйғардым. Осы апта қоғамда заң мен тәртіпті насихаттау аптасы болмақ. Алдағы жеті күн құқықтық мәдениетті нығайтуға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының абырой-беделін арттыруға арналуы керек. Алайда, бұл бір реттік акция емес. «Заң және тәртіп» апталығына азаматтардың құқықтық сана-сезімін көтеретін маңызды, жүйелі шара ретінде қараған жөн», — деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында.

Ата Заңымыздың 36-бабында мемлекетімізді қорғау әрбір азаматтың



қасиетті парызы және міндеті екені, олар заңда белгіленген тәртіп бойынша әскери парызын өтейтіні анық жазылған. Бүгінде Отан алдындағы борышын өтеп келген сарбаздар еліміздің 70-тен

аса жоғары оқу орнында университет есебінен тегін білім алу мүмкіндігіне ие. Олар 4 талаптан тұратын іріктеуден өту арқылы ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде жинаған балдары есепке алын-

бай оқуға қабылданады. Ал іріктеуден өтпей қалғандар ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсырмай-ақ ақылы бөлімде оқи алады. Мұның сыртында әскер сапында жүрген сарбаздарға Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің несиелерге «демалыс беру» атты бағдарламасы қарастырылған. Яғни міндетін өтеп жүрген сарбаздың несиесі 13 айға тоқтайды. 12 ай әскери борышын өтеу мерзімі болса, қосымша 1 ай жұмысқа орналасуға беріледі.

Әскери қызметтен қасақана жалтарушылар Қылмыстық кодекстің 387-бабы бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Олар 3000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл, болмаса 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту жазасына кесіледі. Ал осы бапты бірнеше мәрте бұзған азаматтарды 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.

Әскердегі әлімжеттік заң шеңберінде тоқтатылса, Отан алдындағы борышты өтеу деген қасиетті парызға көлеңке түсіретін олқылықтар жойылса жоғарыдағы жеңілдіктер әскерге барам деушілердің санын да, сапасын да арттыратыны анық.

Қадыл ЖАНАСБЕКОВ,
аудандық Ардагерлер ұйымының
төрағасы.



«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы

Осы жылдың 27-мамырынан бастап Сарқан қаласындағы Тәуелсіздік №130 мекен жайы бойынша орналасқан «Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы өз жұмысын бастады. Қазіргі уақытта бұл жерде қарттарымыздың өмірін нығайту мақсатында барлығы жасалынып отыр. Орталықтың басты міндеті – зейнет жасындағы адамдарға тегін қызмет көрсету. Ұзақ жылдар бойы тынымсыз жұмыс істеп, баласын өсіріп, ел қатарына қосқан әжелерді осы жерден кезіктіруге болады. Олар қазір жас күнінде уақыт таппаған бар істермен шұғылданады. Билейді, қосылып ән шырқайды, құрдастарымен бірге үстел үстінде шәй ішіп уақыттарын өткізеді. Қолына ине мен жіп алып, керемет дүниелер жасайды. Сонымен қоса, арнайы зейнет жасындағы адамдар үшін орталығымызда тұзды бөлме салынған. Зейнеткерлер біздің орталықта йога, вокал, шахмат, дойбы, би (шығыс, халық), теннис, сәндік - қолданбалы өнер үйірмелеріне қатысып, заңгердің жеке консультацияларын ала алады. Сіздер үшін орталығымыз дүйсенбі-жұма күндері, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс жасайды.

А.САРСЕНОВА,

«Жанұя отбасын қолдау және Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы КММ-нің әлеуметтік қызметкер кейс-менеджері.

Заманауи білім кілті

Цифрлық дәуірде мұғалімнің кәсіби дамуына арналған ресурстардың бірі — Torik.kz платформасы. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде мен бұл сайтты жүйелі түрде қолданамын. Себебі бұл платформа — мұғалім мен оқушы арасындағы шығармашылық байланысты нығайтатын тиімді құрал.

Torik.kz-ті қолдану арқылы мен: - күнделікті сабақ жоспарларымды жаңаша форматта әзірлеймін; - оқу сауаттылығы мен жазылымға қатысты тапсырмалар алып, бейімдеймін; - өз тәжірибеммен бөлісіп, басқа әріптестердің әдістемелерінен үйренемін; - эссе, шығарма, тестке дайын материалдарды пайдаланамын.

Платформаның артықшылығы — уақытты үнемдеу, мазмұн сапасының жоғары болуы, және жаңартылған білім беру мазмұнына сай құрылуы. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні — тек ереже мен жаттау емес, ол — ұлттық рух пен ойлау мәдениетін дамыту. Ал Torik.kz — осы мақсатқа жетудің заманауи құралы.

Мұғалімнің шығармашылығы мен ізденісін қолдайтын платформаны дұрыс пайдалану — білім сапасын арттырудың кепілі. Сондықтан Torik.kz-ті қолдану — кәсіби өсу мен нәтижеге жетудің бір жолы.

Динара ДАУЛЕТЧИНА,

Алмалы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Torik.kz – білім мен шабыт мекені

Бұл кітап, ұстамайсың бірақ қолға,
Жауап берер ойыңда сұрақ бар ма?
Оқулық электронды жинақтаған,
TOP IQ ерекше онлайн платформа!

Көрген адам миымен қақшып алар,
Ішінде неше түрлі тапсырма бар.
Нұсқаулық - бәрін өзі айтып береді,
Кітапхана - береді жақсы хабар.

Журналдар - мықтылардың өнімдері,
Көмектесу - бар және бөлімдері,

Сапалы, ең керемет платформа,
Қазақстан білімінің төріндегі.

Мыңдаған неше түрлі дерек жетеді,
Оқуға жаңа формат керек деседі.
Оңайын жұмысыңның көргің келсе
TOP IQ платформасы көмектеседі!

Қаламқас ТӨЛЕПБЕРГЕН,

Алмалы орта мектебінің
7 «Б» сынып оқушысы.

► Таным

Қазақ дүниетанымының тифтік негізі

Текті адам ерекше қабілетке ие болса, қазақ "аруақ қонды"- дейді. Жалпы аруаққа табыну әлем халықтарында жиі кездесетін салт. Қазақта ерекше қасиет бар, ол аруақты сыйлау, құрметтеу, бұл арабта жоқ. Қазақ Аруаққа сенім артады. Аруақ-дегеніміз дүниеден өткен Адам! Қазақта «Құдай атқан оңалар, аруақ атқан оңалмас» деген даналық сөз бар. Сондықтан аруақты тірі адамның сыйлауы және оған ас беріп, құрмет көрсету салт-дәстүрімізге айналып кеткен.

Ертеде Ислам келмей тұрып, сақтардың бір ойшылынан «Сендер осы өлілерді еске алып, олардың құрметіне той жасап, ас бересіңдер, сендер олардың рухына табынасыңдар ма?» - деп сұрайды. Сонда «Біз өлілердің рухына табынбаймыз. Біз жақсы адамдарға арнап, құрбандық шаламыз, соған ас береміз. Біз өлген адамды құрмет ете отырып, тірілерге өлілердің аңызы мен жасаған ерліктерін еске алу арқылы жақсылықтарын уағыздап, тірілердің Рухын көтереміз»- деген жауап алған екен.

Ата-бабаларымыз өздерінің бұрынғы ата-бабаларының аруақтарына сыйынып келген. Қазақ үшін Аруақ ескірмейді, ол-Мәңгілік! Қазақ рәсімінде ертеден қалыптасқан Аруақадеген құрмет бар. Сондықтан өлген адамды еске алып, аруағына



тәңірдің шапағаты тие берсін деген. Бейсенбі күні қайтыс болған туыстардың аруағы қонақтап жүреді деген нанымға иланған, жеті шелпек пісіріп, бата оқытып отырған. «Өлі разы болмай, тірі байыз таппайды» деген, яғни жүрегінде, санаңда, ақылыңда тыныштық болмайды деген ұғым. Аруақ разы болмайды, ісіміз оңға баспайды, көңіліміз орнына түспейді деген. Әрине Өлім пәнилік, ол ешнәрсеге мұқтаж емес, ол ішпейді, жемейді. Алайда ол-Рух!

Ал Рух үнемі еске алуды қажет етеді. Сонда ғана тірілердің Рухы тазаарады. Қазақ жорыққа аттанғанда, атойлап жауға шапқанда, белгілі бір істі бастағанда, басына ауыр күн туғанда "Аруақ" -деп сиынған. Әсіресе, аңшылар, қартаң кісілер

мен аурулар "Иә, Тәңір қолдай гөр, иә, Аруақ жебей жүр, иә, Қабанбай, иә Бөгембай, иә Лұқпан хакім" - деп сиынса, малшылар төрт түліктің піріне сеніп, бастаған істерінің үміт күткен. Ел қорғаған батырлар аруағы аузынан түспейді, соғысқа аруақ деп, қаны қызып, жауға шапқан. Батырлар жекпе-жекке шыққанда "аруақ!"-деп, алашқа ұрандап болған аталар аруағына сиынған.

Адам тәні өлгенімен, Рухы өлмейді! Сол рухтың өлмейтінін қазақ білген халық! Өйткені бабалар Рухы артындағы ұрпағын жамандықтан қорғайды.

Палуандар белдескенде "Уа, Аруақ қолдай гөр!"- деп шабыттанаған. Сынықшылар сынық салғанда "Мен емес, аруақ салды!"-

дейді. Бақсылар науқасты емдегенде, аруақтардың атын айтып "Е, Аруақ желеп-жебеп жүр деп, олармен байланысқа түскен. Жалғыз жолаушы кеш бата, "аруақ қорғайды"-деп мазарға түнеген.

Қазақта ант беріп, серттескенде уәденің кепілі аруақ болған. Сөз байласқанда бейітке қарап, Құран оқып, аруақты кепілдікке шақырған. Бата бұзып, уәдесінде тұрмағандарды "Аруақ атсын"- деп қорғаған. Бабаларымыз аруаққа тіл тигізбеген. Аруақты еске алып, Құран бағыштағанда ұрпағы жетістікке жетсе, "Көрінде бір аунап түскен шығар" десе, ал адам жамандық істеп өтсе, "көрінде өкір" - деп айтатын болған.

Бала таппаған әйелдер бала тілеп, аурулар дертіне шипа іздеп Әулиенің басына түнеп, аруақтан тілек тілеген. Аруақ түс арқылы аян беріп, берген аяны қате кетпеген. Қазақ Аруаққа сеніп жүріп елін, жерін қорғап, жүгірсе аңның аяғы, ұшқан құстың қанаты тала-тын байтақ жерді сақтап қалды. Қазақ Жаратушы Тәңірі бар екенін ұмытпаған, Жер-Ананы құрметтеген, Аруаққа сенген! Ата-әжесінің аруағы риза болсын, назаланбасын деп, нағашы, туыстары келсе, құрмет көрсеткен. Себебі ата мен әжемнің жақындары келіп жатыр, солардың әруағы мазаланбасын деген сөз. Бұл қазақи сеніммен, таза қанмен, тектілікпен келген сенім! Біз қазақи сенімде болсақ, қазақ ешнәрсе жоғалтпайды. Қазақ білімді халық, тектілігі сонда, аруақтардың басына зиярат жасауы, қазақтың дінсіз жасаған құндылықтары!

Қазағымды бабалар Аруағы қолдап, қорғап жүрсін!

Райхан МАТАЕВА.

•101 ескертеді

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі басшылығының
2025 жылғы ІІІ тоқсанда азаматтарды қабылдау
КЕСТЕСІ

Орға атауы	Қабылдау жүргізілетін тұрғын Т.А.О.	Қабылдау жүргізілетін тұрғын лаңғарымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Орғаның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Е.тәр Женібекқызы Тұрғұнов	Бөлім баспағы	дүйсенбі сәт. 15.00-17.00 жұма сәт. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-13
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Рүпег Рафаилқызы Ахмаров	Бөлімнің бас мамы	сәрсенбі сәт. 15.00-18.00 бейсенбі сәт. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы №12-Өрт-сөндіру бөлімі	Қуанып Қуатбекулы Қуатбеков	№12 - Өрт-сөндіру бөлімінің баспағы	сәрсенбі сәт. 15.00-18.00 бейсенбі сәт. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-15-65

Сенім телефоны: 8 /72839/ 2-24-43

Е.ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Пожар опасная стихия

Нет нужды убеждать человека в том, какой непоправимый ущерб может причинить пожар. Много горя он приносит тем, кто небрежен с огнем, кто недооценивает последствия и не задумывается о пусть даже незначительных, на первый взгляд, нарушениях правил пожарной безопасности.

Наибольшее число происшествии с огнем приходится на зимний период, то есть в те месяцы, когда для обогрева жилых помещений интенсивно используются печи и электронагревательные приборы. Но не менее опасным также является весенняя пора, когда атмосферная влага воздуха с резким похолоданием, превращается в сырость, что чревато для отопительных печей. Опротетчиво поступают и те домовладельцы, которые не заботятся о своевременной очистке дымовых труб от скопившейся золы. А это приводит не только к пожарам, но и отравлениям угарным газом. Также имеет место и то, что некоторые домохозяйки вблизи печей сушат дрова, белье, обувь, что часто приводит к их загоранию.

Уважаемые граждане! Для того, чтобы не повторить подобных последствий и чтобы беда обходила Ваш дом стороной необходимо соблюдать следующие правила пожарной безопасности при устройстве и эксплуатации отопительных печей. Печное отопление не допускается в жилых домах выше 2-х этажей с учетом цокольного этажа. Расстояние от внутренней поверхности печей дымоходов до горючих конструкций (разделка) принимается от 38 до 51 см. , в зависимости от конструктивного исполнения. Верх разделки должен выступать над полом или над засыпкой на чердаке на 70 мм. Для защиты пола, стен и перегородки от возгорания вблизи топочной дверки предусматривается: лист размером 70 x 50 см., расстояние от топочной дверки до противоположной стены не менее 125 см. Минимальная высота дымовых труб над кровлей - 50 см. Дымовые трубы выполняются из кирпича со стенками толщиной не менее 12 см. Площадь сечения дымовых каналов принимается в зависимости от теплоотдачи печи, но не менее 14 x 14 см. Не допускается использовать для дымоходов керамические, асбестоцементные и металлические трубы, силикатный кирпич.

Дорогие жители частных секторов. Знайте, что огонь не подвластен человеку, лучше пожар предупредить, чем потушить.

М. САРКУЛОВ,
инженер ОЧС Сарканского района, ст.лейтенант г/з.

Окружающая среда и здоровье населения

Сегодня проблема окружающей среды одна из наиболее актуальных в Республике Казахстан.

Исключение десятилетия объем применяемых пестицидов сократился почти в 4 раза, изменился ассортимент, но число используемых препаратов остается на одном и том же уровне(около 100 наименований).Сегодня в области контроля за применением пестицидов имеется огромный потенциал. В связи с реорганизацией санитарной службы и образованием НЦЭ значительно улучшилась материально- техническая база лабораторной службы.

Грамотное, эффективное и безопасное использование пестицидов невозможно без знания регламентов их применения.

Медицинские работники обязаны постоянно проводить строгий контроль, за соблюдением правил использования пестицидов и выполнением мероприятий, направленных на охрану окружающей среды. Поэтому одним из основных в комплексе мероприятий государственного санитарного надзора, ведущего контроль за применением средств защиты растений, является обеспечение рационального применения химических, биологических и других средств защиты растений от вредителей, болезней и сорняков и предупреждения вредного воздействия их на здоровье населения и на окружающую среду.

Ядохимикаты, вносимые для уничтожения сорняков насекомых, грибов, вирусов, бактерий попадают в почву и водоемы, откуда проникают в организм культурных растений и полезных насекомых. Домашние животные, поедая растения содержащие ядохимикаты, откладывают их в своих органах и тканях. Рыбы в водоеме, загрязненном ядовитыми веществами так же способны накапливать их в своем организме. Кулинарная обработка сырья животного и растительного происхождения не разрушают остаточные количества ядохимикатов. И человек с продуктами питания может ежедневно вводить их в свой организм.

Не смотря на огромное разнообразие новых средств защиты растений, до сих пор в анализируемых образцах, только обнаруживают пестициды 70 –х годов ГХЦГ, ДДТ. В сельском хозяйстве разрешены к применению следующие ядохимикаты раксил, теназол ультра, пират, фабиан, омайт 57%, каратэ и.т.д.

Применяются ядохимикаты для уничтожения грызунов на мельницах, складах и предприятиях: для предпосевной обработки семян, для дефолиации (удаления листьев) хлопчатника перед его машинной уборкой. В организм человека ядохимикаты могут проникнуть во время работы через органы дыхания и кожу, если не соблюдают строгие меры личной защиты. Наиболее частым и вместе с тем наиболее опасным является поступление ядохимикатов через дыхательные пути.

Контролировать выполнение правил личной гигиены при работе с ядохимикатами (мытьё рук перед приемом пищи: запрещение курения во время работы и т.д).

Таким образом, учитывая, что сельское хозяйство является одним из ведущих отраслей экономики, применение средств защиты растений осуществляется повсеместно, существующей проблеме загрязнение окружающей среды необходимо уделять большое внимание.

А.ОРАЗБЕКОВ,
специалист санитарно-гигиенической лаборатории Сарканского отделения филиала РГП на ПХВ «НЦЭ» КСЭК МЗ РК по Жетысуйской области.

Какая медпомощь положена незастрахованным

Порядка 1,63 трлн тенге предусмотрено на медицинские услуги, которые входят в гарантированный объем медпомощи. Она оказывается бесплатно, даже если пациент не застрахован.

Гарантированный объем бесплатной медицинской помощи предоставляется за счет бюджетных средств. На ГОБМП могут рассчитывать граждане Республики Казахстан, кандасы, беженцы, иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие на территории РК и имеющие вид на жительство. Что касается иностранцев и лиц без гражданства, временно пребывающих в РК, а также лиц, ищущих убежища, они имеют право на получение ГОБМП при заболеваниях, представляющих опасность для окружающих.

«Всего на финансирование медицинских услуг в 2025 году выделено 2,96 трлн тенге, из которых 1,63 трлн тенге – на медицинские услуги в пакете ГОБМП и 1,33 трлн тенге – в пакете ОСМС. Многие ошибочно полагают, что без статуса застрахованного в поликлинике не примут. Однако есть перечень медицинских услуг, которые будут оказаны независимо от статуса в ОСМС», – отметила заместитель председателя правления ФСМС Индира Саркенова.

Итак, что входит в ГОБМП? 1) Скорая медицинская помощь: помимо вызова бригады скорой помощи, сюда также относятся услуги санитарной авиации. 2) Первичная медико-санитарная помощь: прием участкового врача (ВОПа, терапевта, педиатра, медсестры), диагностика, лечение и управление наиболее распространенными заболеваниями, профилактические осмотры целевых групп населения, иммунизация, раннее выявление и мониторинг поведенческих факторов риска заболеваний, формирование и пропаганда здорового образа жизни, мероприятия по охране репродуктивного здоровья, наблюдение за беременными и родильницами в послеродовом периоде. 3) Специализированная медицинская помощь в амбулаторных условиях: профилактика и диагностика ВИЧ-инфекции и туберкулеза, диагностика и лечение при социально значимых и хронических заболеваниях, медуслуги при травмах, отравлениях или других неотложных состояниях. 4) Специализированная медицинская помощь в стационарозамещающих условиях: услуги дневно-стационара лицам с социально значимыми и хроническими заболеваниями. 5) Специализированная медицинская помощь в стационарных условиях: госпитализация по экстренным показаниям, лечение и диагностика в приемном отделении стационара при экстренной госпитализации, плановая госпитализация при социально значимых и орфанных заболеваниях, изоляция лиц, контактировавших с больным инфекционным или паразитарным заболеванием, представляющим опасность для окружающих, госпитализация лиц с подозрением или с установленным инфекционным либо паразитарным заболеванием. 6) Медицинская реабилитация: в ГОБМП проводится медицинская реабилитация больным туберкулезом. 7) Паллиативная медицинская помощь по перечню заболеваний, определяемом уполномоченным органом. 8) Обеспечение препаратами крови и ее компонентами. 9) Патологоанатомическая диагностика. 10) Подготовка посмертного донора к изъятию органов или тканей, изъятие, консервация, заготовка, хранение, транспортировка органов и тканей для трансплантации.

Пациентам также доступно льготное амбулаторное обеспечение лекарствами и медицинскими изделиями при определенных хронических заболеваниях, указанных в перечне МЗ РК. Напомним, гражданам доступны эти медицинские услуги, независимо от статуса в ОСМС. Если же вы столкнулись с неправомерными отказами в медпомощи, стоит обратиться в Службу поддержки пациента, которые есть в каждой поликлинике и больнице. Там помогут решить вопрос на месте. В случае отсутствия понимания со стороны медорганизации, можно направить обращение в Фонд социального медицинского страхования.

Филиал по области Жетісу НАО
«Фонд социального медицинского страхования».

Рациональное ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПАСТБИЩ

На территории национальных природных парков, каждый год выписывается лесной билет для выпаса скота, размещение ульев и пазек и на сбор технического сырья. В летний период для выпаса скота выделяется не мало земельного участка. Прежде чем выделять земельные участки для выпаса скота и научными сотрудниками парка проводятся геоботаническое обследование пастбищ для рационального использования пастбищ. Рациональное использование пастбищ и сенокосов складывается из следующих обязательных элементов: установление срока первоначально-го выпаса скота весной и срока окончания пастбы осенью. Ранний выпас скота, особенно сразу же после схода снега , резко нарушает нормальный ход накопления и расходования запасных питательных веществ в растениях, что влечет за собой ухудшение ботанического состава травостоя, а в последующем – и снижение урожайности трав. Причина в том, что развивающиеся зеленые побеги весной расходуют много запасных питательных веществ, накапливать их вновь начинают лишь через 10-15 дней после стравливания. Однако не следует и опаздывать с выпасом, потому что кормовая ценность травостоя ухудшается, травы грубеют, снижается поедаемость травостоя животными, уменьшается продуктивность пастбища.

Календарные сроки начала стравливания пастбищ в зонах с неодинаковыми климатическими условиями различны. Они могут значительно колебаться даже в одной зоне в зависимости от метеорологических условий года и особенностей травостоя. Пастьбу скота весной надо начинать через 10...20 дней после начала отрастания трав, что будет совпадать с фазой кущения — ветвления большинства видов. При этом для определения начальных сроков стравливания необходимо учитывать высоту травостоя, которая в разных зонах на пастбищах различных типов будет неодинаковой. Сроки прекращения пастбы осенью также имеют большое значение. При позднем осеннем стравливании пастбища травостой не успевает окрепнуть и отрасти до наступления зимы, поэтому его продуктивность в последующие годы снижается. Прекращать пастьбу надо не позднее чем за 25...30 дней до окончания вегетации растений. Такой срок достаточен для того, чтобы растения накопили запасные вещества для норма льного прохождения периода зимнего покоя и развития весной следующего года.

Г.АБАКУМОВА,
инженер по природопользованию РГУ «Жонгар Алатауского ГНПП».

Сарқандық жасөспірімдер Азия чемпионатында топ жарды



Астана қаласында ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында сарқандық спортшылар жоғары нәтиже көрсетті.

17 жастағы Алихан Аскербай 71 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде үш алтын медаль жеңіп алып, бірден үш әлемдік және үш азиялық алты рекорд орнатты. Серпе көтеруде 141 келі, жұлқа көтеруде 169 келі жоғары нәтиже көрсетіп, қоссайыста да әлем және Азия рекордын жаңартты.

Сондай-ақ, сарқандық Ақжол Құрманбек 343 келі (151+192) нәтижемен күміс медальға ие болды.

Жуырда жұлдегер спортшыларды Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов, ардагерлер және аудан тұрғындары салтанатты түрде қарсы алып, құрмет көрсетті.

Сарқан ауданы спортшыларына жарқын жеңістер мен жаңа табыстар тілейміз!



Қанат БАЙДРАХЫМОВ,
аудан әкімдігінің баспасөз хатшысы.

Әскери журналистке құрмет көрсетілді



Подполковник Манарбек Қарекенов Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Төрағасы, көрнекті қаламгер, руханият жанашыры Мереке Құлкеновтен «Руханиятымыз бен мәдениетіміздің дамуына, қазақ әдебиетінің насихатталуына қосып келе жатқан үлесіңіз үшін Сізге алғысымды білдіремін» деген мазмұндағы Алғыс хат алды.

Бұл Алғыс хат отансүйгіштік пен ұлттық рухты дәріптеуге қосқан еңбегі мен әдебиет пен мәдениет саласындағы белсенді қызметіне берілген зор бағаның айғағы болды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

Ұлылардан ұлағат

Адамның жауы - иегінің астында

Жапалақ деген құс болады. Өзі он жұмыртқа табады. Соның бәрін бірден жаярып ұшырмайды. Екеу-екеуден жарып, бала қылып ұшырады. "Бәрін бірден жарып бала қылсам, тамақ жеткізе алмаспын" деп, өзі намаздыгерден жоғары, бесіннен төмен бір - ақ мезгіл ұшады. Алса, бір тышқан алады, алмаса, ала алмай қалғаны. Сонда да құстың семізі болады, себебі қанағат қылғаннан. Адам қанағатты содан ғибрат алса керек.

Байғыз деген құс бар. Кәріптікті, бейшаралықты мойнына алып, таста жатады. Қайда бұзылған ойрана жай болса, сонда жатады, су ішпейді, бидай, тары жемейді. Аузына көлденең тістеген қылдан да жіңішке жалғыз шөп болады. Оны да жемейді, құр тістеп жүрсе керек. Қазақта бір сөз бар. "Тұрымтай екеш тұрымтай да тайлы биенің етін жейді" деген. "Бір тауыққа һәм дән керек, һәм су керек" деген. "Бір нәрсені қорек қылып жейтұғын болсам, соның әуресімен болып, бейнетке қалсам керек" деп, сол үшін ешкімнің көзіне түспейді, жанға көрінбейді. Тақ Сүлеймен пайғамбарға барша құстар қызметкер құл болғанда, ол келмеген. Сонда Сүлеймен патша:

- Не үшін маған келмейсің? - дегенде. - Менің жалған дүниеден ешбір керек қылған нәрсем жоқ. Сенен не іздеп келейін? деген. Осы сөзімен құлдықтан халас болған.

Адам мұны ойлап, пікір қылуы керек. Ұшқан құсты торға түсіретін, жүйрік аңды орға түсіретін тамақ екен. Жұтқын тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді. Осы күнгі адаммын деп жүрген адамдардың жауы иегінің астында болып кетті. Ол жау не десеңіз, жұтқан тамақ. Жалғанда мазаққа, ақиретте азапқа түсіретін тамақ. Артық тамақтан тартынған бәрінен халас болады.

Мәшһүр Жүсіп КӨПЕЙҰЛЫ.

Әдеби мұра

Алашқа

Міржақып ДУЛАТОВ

Көк майса бетегелі жерің қайда?
Күмістей толқындаған көлің қайда?
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен,
Жөңкіліп, көшіп-қонған елің қайда?

Көтерген ақ киізге ханың қайда?
Қиғаш қас, бидай өңді ханым қайда?
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?

Қақ жарған қара қылды биің қайда?
Ақ орда би түсетін үйің қайда?
Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?

Шаң жұтқан текежәуміт атың қайда?
Қалдырмас жауға тастап жақын қайда?
Ұшқыр ат, тұзу мылтық, болат найза,
Киінген көк дулыға батыр қайда?

Қамығып қанға толған жүрек қайда?
Бұрқ еткен бір ауыздан тілек қайда?
Жаяуға ат, жалаңашқа киім болып,
Қарасқан нашарыңа көмек қайда?

Бермейтін ел намысын ерің қайда?
Сүйенер қысылғанда бөлің қайда?
Өйткені айтқаны екі болмайтұғын,
Асыл зат артық туған бегің қайда?

Шалдырмас топтан тура шешен қайда?
Ұлықпен ел бастаған көсем қайда?

Қазағым, қазақшылық қалпың менен
Даңғыл жол сайрап жатқан көшең қайда?

Кемеңгер дұғалы ауыз кәрі қайда?
Дертіңе шипа болар дәрі қайда?
Масайрап кімге сеніп қарысасың,
Жауап бер, осылардың бәрі қайда?

Жауап сол: еткен дәурен қайта келмес,
Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.
Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би
Өткендер келгенмен де орын бермес.

Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап,
Жүруді өздігінен тағы білмес.
Мейлің көн, мейлің, жыла соңғыларға,
Қайтсын-ай, қамықты-ау деп,
көзіне ілмес.

«Ішкен мас, жеген тоқтың» заманы бұл:
Ашыққан, ашынғаның түкке жүрмес.
«Мал құмар, малдың қолы» деген ақын,
Кім қақса «жемтігінен» соған күндес.

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:
Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.
Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.
Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,
Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес!



Астана - арман қала



Астана — арман қала нұрланған,
Жетістігі елмен бірге шындалған.
Көк аспанмен таласқандай еңсесі,
Болашағы бейбіт жолмен тұр салған.

Астана — елдіктің асыл белгісі,
Тәуелсіздік, бірлікпенен тең күші.
Жарқырай бер, нұрлы шаһар, жас қала,
Шабыт берген жүректердің жемісі!

Айымгүл ШӘКІРТҚАН.

Хабарландыру\Объявление

●**ПРОДАЕТСЯ ДОМ** по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсіздік 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдыкорган. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

●**Шарамиев Каирбек Ауталиевичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Екіаша ауылдық округінің аумағында орналасқан 0,2926 га көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 03-263-051-122) қабылдау-өткізу актісі, 15.08.2007 ж. жылжымайтын мүлікті жариялау жөніндегі комиссияның шешімі № 1750 және өзге де құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Байтенизова Света Ахметкаримовнаның** атына тіркелген Сарқан ауданы, Черкасск ауылы, Қойшыбеков көшесі № 63 үйдің 0,0818 га көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 03-263-021-428) 1155841 нөмірлі мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Лейбутин Игорь Борисовичтің** атына тіркелген АН № 109208 санды жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Сатыбалдинова Айнур Молдагазыновнаның** атына тіркелген В санатты жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

"Сарқан" газетінің ұжымы "Вестник Жетысу" газетінің қызметкері, журналист жерлесіміз Жанар Мықтыбаеваға әкесі, еңбек ардагері, қаламгер

Жексембек МЫҚТЫБАЕВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты қазасына ортақтасып, көңіл айтады.